

**«Қуаныш» шағын орталығының  
2022-2023 оқу жылы бойынша есебі**

2022 – 2023 оқу жылының қыркүйек айында «Қуаныш» шағын орталығына мөлтек аудан бойынша 26 тәрбиеленуші қабылданды.

**Балбөбек тобы – 12 бала**

**Балауса тобы -14 бала**

Мониторинг қорытындысы бойынша

**Қыркүйек айында - 62,8 %**

**Қантар айында - 88,3 %**

**Мамыр айында сілтеме арқылы толтырылыш 100 % құрады**

**Жылдық мақсаты:** Ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, жаңа сөздерді менгерту, үйрекен сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру, өмірлік оң көзқарастарға тәрбиелеу.

**Міндеттері:** балалардың тәрбиеші әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу;

- баланың қызығушылығын туғызу;

- баланың белсенділігін арттыру;

- оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынастақолдана білуге жаттықтыру.

Шағын орталық тәрбиеленушілерімен мерекелік іс – шаралар өз деңгейінде өткізілді.

Қазалы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 1 мамыр «Халықаралық балалар күні» мерекесіне іс – шара жоспары жасалып аймақтар арасында

17 мамыр күні «Өзімнің ойыншығымды сыйға тартамын» акциясы өткізіліп тәрбиеленуші балалар бір-бірлеріне сыйлықтарын табыс етті.

23 мамыр күні «Балалар фильмдері мен мультфильмдері шеруі» акциясына «Жақсылық пен жамандық» ертегісі назарларына ұсынылды.

25 мамыр күні Жанкент ауылдық округінде № 5 «Аққоян» балабақшасы базасында ұйымдастырылған ертегіні сомдау акциясына «Шалқан» ертегісінен сахналық қойылым көрсетті.

26 мамыр күні Қазалы қаласындағы № 3 «Өрімтал» бөбекжай балабақшасында «Балдәурен» би байқауы болып өтті. «Қуаныш» шағын орталығының бүлдіршіндегі қатысып «Асатаяқ» биін өз деңгейінде орындал Алғыс хатпен марапатталды.

### **Ата-аналармен жұмыс.**

Ата-аналармен бірлесе отырып мынадай жұмыс түрлері атқарылады: ата-аналар жиналыстары; отбасы жөнінде мәліметтер толтыру; әр түрлі тәрбиелік шараларға, саулнама жүргізу, әңгімелесу.

Ата-аналар жиналысы «Баланы ерте жастан тәрбиелеу» деп аталады. «Сіз қандай ата-анасыз?» деген тақырыпта саулнама жүргізілді.

Осындай жұмыс түрлері арқасында ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артты, балабақша ұжымына деген сенімдік, құрметтеу белгілері жоғарылады.

Балалармен жеке жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың менгерген және жеткілікті деңгейде менгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды.

### **2023-2024 оқу жылына келесі мақсаттар мен міндеттер қойылды.**

- Мақсаты: Тәрбиеленушілердің тілін дамытудың тиімді жолдары
- Міндеттері: Сабакта жаңа технология әдістерін қолдана отырып, баланың білімі мен біліктілігін дамыту.
- Баланың жас ерекшелігіне сай интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабакқа дайындық деңгейін көтеруге;
- Қабілеті жоғары және төмен балалармен сарапалау жұмыстарын іс жүзіне асыру, білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастыру.
- дарынды, қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету;
- Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу.

Әдіскер:  Г.Ташитова